



«4,7 МЛН ТҰТЫНУШЫ ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛГЕН»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АШЫҚТЫҚ СЫБАЙЛАСТЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ



Білім беру ұйымдарында сыбайласқан жемқорлық етек алып бара жатыр. Елімізде бұл салада жасалып жатқан ауқымды реформалар қауіпті үрдісті тамырымен жоя алмай отыр.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

ТОҚПАҒЫ МЫҚТЫ БОЛСА, КИІЗ ҚАЗЫҚ ЖЕРГЕ КІРЕР

Өркениетті даму жолындағы негізгі кедергінің бірі – сыбайлас жемқорлық. Тәуелсіздік жылдарында әлеуметтік сипаты бар, өткір де күрделі мәселемен күрес толассыз жалғасып келеді. Дегенмен, нәтиженің көп көңілінен шықпай жүргені алаңдатады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес белгілі бір нәтиже көрсетіп, игілігін халық сезінбесе, қоғам мүшелері бұл жолда бірігуі неғайбыл. Бізде қоғамдық сипатқа ие болған «жұрттың бәрі істеп жатыр ғой» дейтін стереотип бар. Ең қатерлі кесепат – сыбайлас жемқорлыққа немқұрайлы қарау үйреншікті дағдыға айналу. Бұл аталмыш қылмыстың күрделілігінің нақты дәлелі.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясындағы ашықтық көптеген мәселелердің көлеңкелі жағын ашып берді. Осыған дейінгі сыбайластықпен күрестің де кемшіліктері анық біліне бастады. Оның

үстіне адамзатты қамтыған жаһандану процесі жемқорлықтың да деңгейін кеңейтіп жіберуде. Өз тарапынан бұл үрдіс елдердің бір-бірімен қарым-қатынасына, инвестициялық саясатқа қаяу түсіріп, еңбек өнімділігіне кері әсерін тигізіп, артық шығынның өсуіне әкелуде. Қазір сыбайлас жемқорлықты қабылдауды барынша нөлдік деңгейге жеткізу жұмысы белсенді атқарылуда.

Айта кету керек, 2022 жылғы Конституциялық реформалар аясындағы демократиялық бағыттағы өзгерістер халық пен биліктің өзара сенімін арттыра түсті. 2022–2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы

саясат тұжырымдамасы аясында ауқымды жұмыстар қолға алынууда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір жолдауында қоғам дертімен күрестің маңыздылығына арнайы тоқталып келеді. 2024 жылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында алда атқарылатын нақты жұмыстардың бір бағыты ретінде, «заң мен тәртіп үстемдік ететін қоғам құруымыз керек», – деп көрсетті.

Шын мәніндегі демократиялық қоғам, тең құқықтық қатынас орнатудың негізі – заң мен тәртіп қағидаты. Қағиданың тиімді іске асырылуы құқықтық мәдениетке тікелей қатысты. Құқықтық мәдениет – қоғам мүшелерінің заңдарды түсініп құрметтеуіне, орындауына, сақтауына бағытталған құндылықтар жүйесі. Оның деңгейін азаматтардың құқығы мен міндетін білуінен, заңдарды сақтап, әділ-

дікке ұмтылысынан білеміз. Тұрғындардың құқықтық санасын дамыту, құқықтық мәдениетін арттыру – қылмыстың барлық түрін барынша төмендетудің, оның ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы.

Қылмысқа қарсы іс-қимыл әділетсіз жүретін болса, ол Сервантес кейіпкерінің жел диірменмен шайқасы сияқты күлкілі болып шығады. Ал демократиялық қоғамның басты белгісі – кез келген әділетті заң жүйесінің болуымен тамырлас. Бізде адамгершілік пен құқық арасы ажырап барады. Заңдардың «құрғақ» орындалуы басым бола тұсуда. Халық әлдебір тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік мекемеде жағдайдың енді қайталанбағанын көруі керек. Яғни, заңның орындалуы дәстүрлік деңгейге жеткен құқықтық менталитет болуы ауадай қажет. Ал біздегі құқықтық менталитет қалыптастырудың да негізгі кедергісінің бірі сыбайлас жемқорлықтың өзі. Құқықтық нигилизм деңгейінің төмендеуіне де осы кеселдің қоғамдық сипатқа ие болуы ықпал етуде.

(Жалғасы 2-бетте)

4-бет



Дроппер болудан сақтаныңыз!

6-бет



Коммуналдық қызметті дамыту қолға алынды

8-бет



Жебір

